

"Азаматтық қызметшілерге, мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен ұсталатын ұйымдар қызметкерлеріне, қазыналық кәсіпорындар қызметкерлеріне еңбекақы төлеу жүйесі туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 31 желтоқсандағы № 1193 қаулысына толықтыру енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 14 шілдедегі № 581 қаулысы.

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

Осы қаулы 2023 жылғы 1 шілдеден бастап қолданысқа енгізіледі

Қазақстан Республикасының Үкіметі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. "Азаматтық қызметшілерге, мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен ұсталатын ұйымдар қызметкерлеріне, қазыналық кәсіпорындар қызметкерлеріне еңбекақы төлеу жүйесі туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 31 желтоқсандағы № 1193 қаулысына мынадай толықтыру енгізілсін:

көрсетілген қаулыға 15-қосымша мынадай мазмұндағы реттік нөмірі 3-жолмен толықтырылсын:

"

63.		Ерекше еңбек жағдайлары үшін қосымша ақы		
	Қазақстан Республикасы мемлекеттік орман к ү з е т і қызметтерінің, табиғат қорғау мекемелерінің мемлекеттік инспекторларының және жануарлар дүниесін қорғау, ормандарды күзету, қорғау, өсімін молықтыру және орман пайдалану жөніндегі мамандандырылған ұ й ы м д а р инспекторларының, б а л ы қ шаруашылығы су айдындарына және (немесе) учаскелеріне балық жіберу жөніндегі		ЛА-дан 100%	Уәкілетті орган белгілеген

	өсім молайту кешенінің мемлекеттік кәсіпорындарының қызметкерлеріне денсаулыққа және өмірге зиян келтіру қаупінің төнуіне байланысты жұмыс үшін			тәртіппен және шарттармен
--	--	--	--	------------------------------

"

2. Осы қаулы 2023 жылғы 1 шілдеден бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға тиіс.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Ә. Смайылов

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК